



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Список использованных источников

1. <http://moolkin.ru/chto-takoe-internet-istoriya-i-etapy-razvitiya/> (дата обращения 16.03.15г.)
2. Интуит. <http://www.intuit.ru/studies/courses/3632/874/lecture/14325> (дата обращения 16.03.15г.)
3. Википедия - <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (дата обращения 16.03.15г.)

ОӘЖ 004.4

БІЛІМ БЕРУДЕ ЖЕЛІЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Шералиев Жанғали

Joni-jay@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі- Н.Шындалиев

Компьютерлер мен компьютерлік желілерді оқу процесінде қолдану қазіргі заманғы көптеген зерттеушілерді әдістемелік және техникалық білімді қайта өңдеуге әкеліп соқтырды. Бұл процесті зерттеу жеке тақырыптарды оқу мен бақылауда компьютерлердің бөлшектеніп қолдану деңгейіне жетті, яғни техникалық білім беру құралдарының сапалылығы.

Басқа жаңа ақпараттық технологиялар сияқты компьютерлік желілік технологиялар жаңа білім беру мазмұнын жинақтауға айтарлықтай мүмкіндік береді, мысалға ұйымдастырылған форум немесе оқыту әдістемесі. Компьютерлік желілік коммуникациялардың оқу орындарында қолдануда келесі жетістіктерге қол жеткізуге болатындығын тұжырымдайды:

- дәстүрлі пәндердің оқыту мазмұнының және оқу жобаларын орындау барысында құрамаланып орындауына өзгеруі;
- өзіндік іздеу және оқу зерттеу жобаларын орындау барысында қатысушылардың зерттеу жұмыстарының тәсілдерін жобалау;
- қатысушыларды проблемаларды ұжымдап шешу әдісіне үйрету;
- жалпы сыныптық, топтық және қатысушылар мен педагогтардың жұмыстарының байланыстыру әдістері;
- оқытушыларды жаңа мазмұнды, жаңа әдістік және оқу жүйесінің ұйымдастырылған формасымен тағайындау, оқу процесінде есептеу техника құралдарын тұрақты қолдану.

Компьютерлік желілердің негізгі жетістіктері – жаңа ақпараттық технологиялық оқу орындары үшін – ол оқу орындарда электронды ақпараттар ортасын түйістіреді, оқушыларға және мұғалімдерге компьютерлермен ақпаратты өңдеудің әмбебап құралымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Көптеген оқу ғимараттарында (орта және жоғарғы мектептерде) оқыту компьютерлік коммуникациялық болмайды (оқу редакторлары, электронды таблица және мәліметтер қорынан басқа). Бірақта методикалық, техникалық және ұйымдастырылған қолдамасы бар компьютерлік желілер, оқу процесін қамтамасыз етуге арналған оқу немесе оқыту – методикалық кешені және бірнеше оқыту группаларына географиялық тіркелуін оқытудағы компьютерлік желі деп айтуға болады.

Жергілікті компьютерлік желілердің құрылуына байланыста мәліметтер қорын, электронды таблица, мамандандырылған графикалық және мәтіндік редакторлар қарқынды қолданылуы ғаламдық компьютерлік коммуникацияны қолдану үйлесімді. Жергілікті желілерсіз оқу процесінде компьютерлік байланыстың кең көлемде қолданылуын елестету мүмкін емес.

Оқытуды телекоммуникациялық технологиялардың қолданысын қамтамасыз ету үшін

оқыту кешенінің компьютерлік желілерді қолданудың кейбір ерекшеліктерін қарастыру керек.

Компьютерлік желілерді оқыту жүйесі әуесқойлық, зерттеулік, басқарушылық және жалпы қолданысқа арналған коммерциялық компьютерлік желілер деңгейіне өте ұқсас, сонымен қатар олар барлық деңгейдегі білім беру ғимараттарына ашық және оларға көптеген қызметтер түрін көрсетеді (компьютерлік байланыс, мәліметтер қорына қол жетімді және тағы басқалар). Ең жақсы оқыту желілері саналы түрде оқыту мақсаттарымен ұштастырылған, олар қайсыбір қолданылатын техникалық және ұйымдастырылған шешімдерді анықтайды.

Компьютерлік желілерді оқыту – электронды есептеуіш машинаны оқу жүйесінде қолдану деген сөз. Бірақта өзінің педагогикалық мәні бойынша олар автоматтандырылған бақылау мен оқыту жүйесінен, автоматтандырылған лабораториялық орнату, процестердің машиналық моделінен және тағы басқа компьютерді оқу процесінде қолданудан жақсы.

Егер бір бөлмеде, ғимаратта немесе жақын орналасқан ғимараттар кешенінде пайдаланушылары қандай да бір мәселені бірігіп шешуге, мәліметтер алмасуға немесе ортақ мәліметтерді пайдалануға тиісті бірнеше компьютер бар болса, онда оны компьютерлерді жергілікті желіге біріктіру орынды болады.

Жергілікті желі – бұл компьютерлер арасында мәліметтер жеткізу үшін пайдаланылатын кабель (сондай – ақ телефон желісі немесе радиоарналар) арқылы өзара қосылған бірнеше компьютерлер торабы[1].

Жаңа ғылыми және техникалық ашылуларға байланысты пәндердің білім мазмұнының ескіруіне байланысты Жоғарғы оқу орныдарының студенттерін жаңа білімді қолданудың жаңа нұсқасымен қолдау аймағымен және жоғалған аймақтағы мәліметтер қорымен қол жетімділік методикасы, құрамында ғылыми және оқыту ақпараттарының өзектілін күшейтуде компьютерлік желілердің алатын орыны зор. Студентті оқыту барысында ақпараттық, және жекелей алғанда өзінің ғылыми – зерттеу және практикалық қызметінде телекоммуникациялық және компьютерлік желілік технологияларды игере білуі керек.

Жоғарғы оқу орындарының оқу процесіне телекоммуникациялық технологияларды енгізу бірқатар проблемаларды шешеді. Біріншіден - бұл ЖОО-ның ресурстық шектемелері, қаражаттық, каналдық байланыстың сапасы, ЖОО қолданатын компьютерлік желілік технологиялардың деңгейі. Екінші проблема қазіргі таңдағы оқытушы құрамының дайын еместігі және оқу процесінде жергілікті желілер ресурстарын қолданудағы методикалық өңдеуінің болмауы. Методикалық материалдарды дайындау желідегі ақпарат көзін таңдап алу және оларды қолдану технологияларын қолданудағы қиын жұмысты орындауға байланысты. Бірақта осындай жұмыстардың жүргізілуі өте тиімді және зерттеудің нәтижесімен алмасу осы аймақта жұмыс істеуші ұжым арасында тез әсерін көрсетеді.

Бірақта оқыту процесін формалау қиындығы айқын көрінуі және Internet-технологиялардың жаңаруына байланысты бұл мәселе өзінің шешімін табудың алғашқы сатысында түр, заманға сай ақпараттық технологиялар мүмкіндіктері төменгі деңгейде қолданылады. Білімді ақпараттандырудың негізгі бағыты, біріншіден нақты жағдайда не оқытылуына, іздеуді қамтамасыз етуіне, жүзеге асуға, білімнің ұсынылуына және берілуіне бағытталуы керек.

Білім желісіне келген бірінші адамдар педагогтар болған емес, ол «техниктер» - ақпараттық технологияның маманы, тәртіп бойынша педагогика, дидактика және олармен байланысты білім технологияларынан жырақта жүрген адамдар. Оның нәтижесінде өте мардымсыз білім мазмұны бар қашықтандырылған телекоммуникациялық техникалық жүйенің қарқынды дамуын аламыз. Сондықтан дайын барлық мазмұны бар электронды өнім, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мүмкіндігінің барлық секторында қолданылмайды[2].

Білім беруде желілік технологияларды оқу процесінде қолдануда келесі мүмкіншіліктерге қол жеткізуге болады:

- ақпарат алмасу үшін электронды почта қолдану, ішкі және сыртқы абоненттермен желі арқылы қосылу, бұл екі жақты келісімдер үшін өте маңызды және ЖОО-дары арасындағы студенттер арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін;

- университеттің ішкі электронды хабарламалар тақтасы;

- ғылыми және мамандандырылған характердегі проблемаларды шешуде телеконференцияға қатысу;

- программалық құралдарды еркін тарату үшін Internet желілеріндегі файлдық серверлерді ашудағы қол жетімділігіне мүмкіндік алу;

- кітапханалар каталогтарына және электронды кітапханалар файлдарына оқу жұмысын және ғылыми зертеулерді жүргізгенде мәліметтер қорына қол жетімділік алу;

- таңдалған тақырып бойынша электронды периодтық басылымын алу;

- on-line-дық телеконференцияларда Internet желілері арқылы IRC жүйесі арқылы қатысу;

- өзіндік және бақылау тестері;

- виртуалды өнеркәсіптерде жұмыс істеу;

Студенттердің білімін тексеру жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Студенттердің дайындық деңгейін тексеретін қазіргі заманғы әдістемелік, компьютерлік технологияларды қолдануға бағытталған және оқытушы қызметінің тиімді оқыту жүйесін арттырады, мақсатқа жетудегі жаңа принциптерді қамтамасыз етеді, олар толығымен заман талабына жауап береді. Бұл технологиялардың елеулі артықшылығы жаңа мүмкіншіліктерді тек қана оқытушыларға ғана емес сонымен қатар студенттерге туғызады. Студент оқыту объектісінен оқыту субъектісіне айналады, оқу процесінде саналы түрде қатысып және оған байланысты өз бетімен шешім қабылдайды. Сонымен қатар егер дәстүрлі ақпаратпен басқаруда студенттің дайындығы деңгейі туралы толығымен оқытушы басқарушы және реттеуші болса, онда жаңа тәсіл жиыны мен ақпарат анализін қолдануда ол тыңдаушыға да қол жетімді болады. Бұл оларға саналы түрде оқу процесінің барысына байланысты шешім қабылдауға мүмкіндік береді, оқытушылар мен студенттерді маңызды істерде пікір таластырады, оның нәтижесінде екі жақта да қызығушылық туады.

Меңгерілген білімнің сапасын бағалау, қойылған оқу мақсаттарының дәрежесін бағалау кез-келген білім беру технологиясын қолданудағы оқу процесінің маңызды құрама бөлігі болып табылады. Осындай мақсатта қолданылған бақылау формалары үйретілген деңгей бағасынан көптеген әр түрлілігімен айрықшаланады. Олардың әр қайсысының өзіндік жетістіктері мен кемшіліктері бар[3].

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Информатизация системы образования». Сборник информационно-методических материалов. – М.: Локус-Пресс, 2005.
2. Гусинский Э.Н., Турчанинова Ю.И. Современные образовательные теории. – М.: Литературное агентство «Университетская книга», 2004.
3. <http://www.eidos.ru>

ӘОК 004.94

«ИНФОРМАТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ДАЙЫНДАУ

Ықсанова Айнел Еркінқызы

Informatika_anel@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші – Жұмағұлова Ә. А.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Олардың мақсаты оқыту процесін мүмкіндігінше дидактикалық жағынан тиімді